

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ  
ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
ПО ОРГАНИЗАЦИИ ЛЕТНЕГО  
ОЗДОРОВИТЕЛЬНОГО ПЕРИОДА  
В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ**

Астана, 2026

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2026. – 77 б.

Әдістемелік ұсынымдар жазғы сауықтыру кезеңінде мектеп жасына дейінгі балалармен жұмысты ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету құралы ретінде әзірленді.

Құрал мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білім алатын ЖОО мен колледж студенттеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің (2026 жылғы 13 мамырдағы № 5 хаттама).

«Балаларды ерте дамыту институты», 2026 ж

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының негізгі мақсаты – сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, балалардың қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету және тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және денсаулығын нығайтуға ең тиімді жағдай жасау болып табылады.

Жаз мезгілінде балалардың таза ауада болуы олардың ағзасын нығайтуға және шынықтыруға ықпал етеді, баланың дене, психикалық және эмоционалдық дамуына оң әсер етеді. Сонымен бірге жазғы кезең балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, жарақаттанудың алдын алу, санитарлық-гигиеналық нормалар мен қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелеріне ерекше назар аударуды талап етеді.

Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру жұмысын дұрыс ұйымдастыру мыналарды қамтамасыз етеді:

- балалардың дене және психикалық денсаулығын нығайту;
- қимыл-қозғалыс белсенділігі мен танымдық қабілеттерін дамыту;
- қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру;
- балалар жарақаттарының алдын алу;
- эмоционалды жағымды және қауіпсіз ортаны құру;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) жазғы кезеңде балаларды сауықтыру, шынықтыру және қауіпсіздік мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі салауатты, қызығушылығы жоғары, қарым-қатынасқа бейім, сыни ойлайтын балаларды қалыптастыруды және баланың даму үдерісінің тұтастығын қазіргі педагогикалық әдістер мен ұлттық ерекшеліктерді үйлестіру негізінде қамтамасыз етуді көздейді.

Жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру ерекше маңызға ие:

- серуендеу және ойын алаңында;
- қимылды және спорттық ойындар кезінде;
- сумен, құммен, спорттық құралдармен жұмыс істеу кезінде;
- экскурсиялар мен серуендер кезінде;
- күн астында және ыстық ауа райында болғанда;
- бейтаныс адамдармен, жануарлармен және жәндіктермен қарым-қатынас кезінде;
- жол қозғалысы ережелерін сақтау кезінде.

Сонымен қатар, баланың тұлғалық қасиеттерін рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде, ұлттық мәдениет пен отбасылық дәстүрлер арқылы қалыптастыру жалғасады.

Жаз мезгілінде тәрбиеленушілерді сауықтыруға ерекше көңіл бөлінеді, ол:

- балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары (таңғы гимнастика, спорттық және қимылды ойындар, дене жаттығулары, спорттық

бос уақыттар, мерекелер және т.б.) қауіпсіздік техникасын сақтай отырып және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып;

- дұрыс тамақтану рационы (жемістер, көкөністер, шырындар, фитошайлар және т.б.) санитарлық-гигиеналық талаптарды және су ішу режимін сақтай отырып;

- ағзаны шынықтыру (күн және ауа ванналары, шөпте, құмда жалаңаяқ жүру, аяққа су құю, сумен ойындар және т.б.) балалардың денсаулық жағдайы мен процедура ұзақтығын қатаң бақылау арқылы;

- балалар туризмі (жаяу серуендер, экскурсиялар, табиғатқа шығу және т.б.) ересектердің міндетті сүйемелдеуімен, жол қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып және алдын ала нұсқаулық жүргізу арқылы;

- қауіпсіз жағдайларда өткізілетін мерекелік және бос уақыт іс-шаралары;

- жаз мезгілінде балаларды сауықтыру, шынықтыру, жарақаттың алдын алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ата-аналарға (занды өкілдерге) түсіндіру жұмыстары;

- профилактикалық іс-шаралар (сколиоздың, жалпақтабандылықтың, көру қабілетінің бұзылуының алдын алуға арналған арнайы жаттығулар кешені);

- күн және жылу соққысының, жұқпалы аурулардың, жәндіктер шағуының және басқа да маусымдық қауіптердің алдын алу шаралары;

- ойын алаңдары мен спорттық жабдықтардың қауіпсіздігі мен жарамдылығын күнделікті бақылау.

Әдістемелік құрал мектепке дейінгі ұйымда жазғы кезеңде балаларды сауықтыру, шынықтыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыруда педагогтарға әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

## **НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін мынадай нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306> \_

5. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидалар <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000320>

6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
7. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
9. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
11. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>
12. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһаздармен жарақтандыру нормалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>
13. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>
14. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>
15. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017948>
16. Өрт қауіпсіздігі қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867>
17. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414>
18. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>
19. Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020449>
20. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619>

## **ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ БАҒЫТТАРЫ**

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес (ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы) мектепке дейінгі ұйымдарда 1 маусым мен 31 тамыз аралығы жазғы сауықтыру кезеңі болып айқындалған.

Жазғы сауықтыру кезеңінде ұйымдастырылатын тәрбиелеу-білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес оқу жылы ішінде алған білім, біліктері мен дағдыларын бекітуді көздейді.

Осыған байланысты тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту мынадай біліктер мен дағдыларды бекіту арқылы жүзеге асырылады.

### **Физикалық:**

- өз денсаулығына және қауіпсіз өмір сүру әрекетіне саналы көзқарас қалыптастыру;
- мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту;
- қимыл-қозғалыс тәжірибесін және қимыл белсенділігіне қажеттілікті қалыптастыру;
- түрлі ойындарға, соның ішінде ұлттық, қимылды, спорттық және жарыстық ойындарға қатысу;
- қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып спорттық жаттығуларды орындау;
- спорт алаңында, ойын және серуен кезінде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;
- ыстық ауа райында және күн астында болған кезде жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

### **Коммуникативтік:**

- әртүрлі іс-әрекет түрлерінде белсенді және пассивті сөздік қорды пайдалану;
- өмірлік әртүрлі жағдайларда қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
- командада жұмыс істеу білігін қалыптастыру;
- балалар көркем әдебиетіне қызығушылықты, шығармаларды қайта әңгімелеу дағдыларын дамыту;
- дұрыс артикуляция мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- қауіпті және стандартты емес жағдайларда көмек сұрау дағдыларын дамыту;
- ересектермен және құрдастармен қауіпсіз қарым-қатынас ережелерін меңгеру.

### **Танымдық және зияткерлік:**

- конструктивтік іс-әрекетті дамыту;
- шығармашылық және сыни ойлауды дамыту;
- үйде, көшеде және табиғатта қауіпсіздік ережелері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру;
- қоршаған ортада қауіпсіз мінез-құлық туралы білімді бекіту.

### **Шығармашылық, зерттеу:**

- шығармашылық қиял;
- эмоционалдық-сезімдік сала;
- ойлау;
- көркем-эстетикалық талғам;
- драмалық және театрландырылған ойындар.

### **Әлеуметтік-эмоционалды:**

- қоғамдағы мінез-құлық және қатар өмір сүру;
- дербестікке тәрбиелеу, өмірлік жағдайларды шешу;
- айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектік пен жанашырлықты қалыптастыру;
- тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге, моральдық нормалардың талаптарына сай іс-әрекеттерге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту;
- Отанның тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарау;
- заттар, тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту;
- еркін ойын кезінде балаларға өз пікірлерін айтуға мүмкіндік беру.

## **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылар: тәрбиеленушілер, тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері), педагогтер.

Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық мектепке дейінгі ұйымның ұжымымен талқыланады.

### Педагогтер:

- тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтан өтеді;
- балалардың өмірі мен денсаулығына жауапты болады;
- жас тобына сәйкес жазғы кезеңге балалардың қимыл белсенділігін жоспарлайды;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңестер мен ұсынымдар әзірлейді;
- тәрбиеленушілермен бірге серуенге алып шығатын материалдарды таңдайды;
- күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін тиімді әдістер мен технологияларды қолданады;
- білім беру міндеттеріне сәйкес дамушы органы жаңартады.

### Ата-аналар ( заңды өкілдер):

- жазғы кезеңде балаларды сауықтыру бойынша бірлескен іс-шараларға қатысады;
- балаларды шынықтыру, басқа да профилактикалық шаралардың үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

- баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтермен әріптестік қарым-қатынас орнатуға күш салады.

#### Балалар:

- педагогтің басшылығымен шынықтыру шараларын өз бетінше орындайды, салауатты өмір салтына шынықтыру шараларының әсерін сезінеді;

- физикалық, коммуникативтік, зияткерлік, танымдық, шығармашылық, тәжірибелік-эксперименттік әрекетке қатысады;

- құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынаста сенімділік, бастамашылдық танытады;

- табиғатта экологиялық мәдениеттің дағдыларын қолданады;

- бейнелеу, музыка әрекетінде, драмалық ойындарда шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

## **ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ**

### **Ұйымдастырушылық-ақпараттық:**

- жазғы сауықтыру кезеңін өткізу үшін жағдайлар жасау;

- нормативтік құжаттарды шығару, қызметкерлермен жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңбекті қорғау бойынша нұсқау жүргізу;

- жазғы сауықтыру кезеңіне тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша перспективалық жоспар әзірлеу.

Перспективалық жоспарды жас тобының педагогтері құрастырады, алдын ала педагогикалық кеңесте өткізілетін іс-шаралардың тақырыптары бекітіледі (*3-қосымша*).

Күн тәртібін, тамақтану тәртібін ұйымдастыру.

Жазғы сауықтыру кезеңінде **балаларды сауықтыру және шынықтыру бойынша шараларды ұйымдастыру:**

- балаларды сауықтыруға және шынықтыруға жағдайлар жасау;

- балалардың денсаулық жағдайына мониторинг жүргізу;

- қимыл белсенділігін тиімді ұйымдастыру;

- тиімді шынықтыру жүйесі;

- емдік-сауықтыру жұмысы;

- гигиеналық шаралар кешені;

- ата-аналармен консультативтік-ақпараттық жұмыс;

Демалысты ұйымдастыру:

- жазғы мерекелер мен сауықтар;

- серуендер мен экскурсиялар;

- балалар шығармашылығы мен отбасылық байқаулар көрмесі.

**Әкімшілік-басқарушылық бақылау**

- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

- әкімшілік-шаруашылық қызметінің жұмысын жазғы сауықтыру

шараларымен сәйкестендіру;

- жоспарлы жұмыстардың орындалуын бақылау;
- мониторингтік бақылау қорытындысы бойынша жоспарды жетілдіру (*қажеттілігіне қарай*);
- жазғы сауықтыру кезеңінде балаларды сауықтыру жұмыстарының нәтижесін педагогикалық кеңесте қорытындылау.

#### **Әдістемелік жұмыс**

- күн тәртібіндегі шараларды өткізудің тиімді тәсілдерін таңдау (*педагог, тәрбиеші*);
- тақырыптық көрмелерді жоспарлау;
- жазғы сауықтыру жұмыстарын жүргізу үшін- әдістемелік кабинетті педагогтерге қажетті ресурстармен толықтыру;
- топтарды, балабақша аумағындағы ойын алаңын жабдықтаубойынша бірлескен шешімдер қабылдау;
- педагогтерге қажетті әдістемелік көмек көрсету;
- отбасымен жүргізілетін жұмыс нысандарын анықтау, қажеттілігіне қарай әдістемелік қолдау көрсету;
- ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмыс кестесін нақтылау.

### **ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ**

Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың барлық әрекетінің түрлерін таза ауада ұйымдастыру ұсынылады. Ол үшін әрбір әрекет түріне мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібінде орын мен уақыт бөлінеді. Алдымен жазғы сауықтыру кезеңінің жоспарын жасау қажет (*2- қосымша*).

#### **Таңертең балаларды қабылдау**

Таңертең балаларды қабылдау күн тәртібінің негізгі сәттерінің бірі. Күні бойы топта эмоционалды жайлылық орнату және балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру маңызды болып табылады.

Жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілерді қабылдауды таза ауада (*ауа-райының жағдайларына байланысты*) ұйымдастыру ұсынылады. Бұл кезеңде еңбек әрекетін жер учаскесінде ұйымдастыруға болады.

<https://youtu.be/puChD5OvCSY>; <https://youtu.be/agrKEIhyEmE>;  
<https://youtu.be/qs2axjRmNBg> <https://youtu.be/OxtQBk7Tok8>

#### **Таңертеңгі жаттығу**

Таңертеңгі жаттығу дене белсенділігінің бір түрі, ол бұлшық еттер мен буындарға физикалық жаттығулар кешенін құрайды.

Таңертеңгі жаттығу күн тәртібінің міндетті бөлігі және күн сайын таңғы ас алдында өткізіледі, жылдың жылы мезгілдерінде таңертеңгі жаттығуды таза ауада, аулада, ал салқын күндері топ бөлмесінде немесе таңертеңгі жаттығуды өткізу кестесіне сәйкес спорт залында, мектепке дейінгі ұйым дәлізінде, холында балаларға жайлы жағдайларда өткізуге болады.

<https://youtu.be/lSkOYLbEuu0>;

<https://youtu.be/oIfdCCCS2eQ>;

<https://youtu.be/vx1Sim3Jz3Q>; <https://youtu.be/N5LFdPo2QcQ>

**Дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекеті** - барлық негізгі қимылдарды (*лақтыру, жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, еңбектеу*) дамытуға бағытталған физикалық жаттығулар, сонымен қатар арқа, иық белдеуі мен аяқ бұлшық еттерін нығайтуға, қимылдарды үйлестіруге, дене сымбатын қалыптастыруға, тепе- теңдікті дамытуға арналған жаттығулар.

Алайда, дене шынықтырумен айналысу қимыл белсенділігінің орнын толтыра алмайды. Сондықтан осы кезеңде физикалық белсенділіктің әртүрлі нысандарын: қимылды ойындар, жарыс элементтері бар спорттық жаттығулар, жаяу серуендер, экскурсиялар, бағыт бойынша серуендеу (қарапайым туризм) енгізу қажет. [https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/03/doc\\_04ru.pdf](https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/03/doc_04ru.pdf).

Мерекелер, ойын-сауықтар апта сайын, яғни күн сәулесінің қызуы төмен уақытқа (*аптап ыстық басталғанға дейін немесе оның басылуынан кейін*) және т. б. жоспарланады.

### **Еркін ойын және балалардың дербес әрекеті**

Еркін ойын және дербес әрекет - балалардың тек ойын сипатындағы әрекеті ғана емес (*мысалы, өз қалауы бойынша сурет салу, ұсақ моториканы дамыту үшін материалдарды қолдану және т.б.*), басқа да кез-келген еркін әрекеті.

Еркін ойын балалардың ойын әрекетін дамытуға септігін тигізеді, ол ересектердің қатысуымен де, қатысуынсыз да өткізіледі, тәрбиеленушіге өзін белсенді түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Ойынның мазмұнын балалардың өздері анықтайды және кейде мүлдем күтпеген оқиғалар орын алуы мүмкін. Бұл жағдайда таным процесі жетіледі.

### **Серуенге дайындық**

Серуенге дайындық кезінде тәрбиешілерге балаларды өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байыту және сөйлеуді дамыту, мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу ұсынылады.

[https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/03/doc\\_04ru.pdf](https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/03/doc_04ru.pdf)

[https://youtu.be/B0f1AzuHf\\_M](https://youtu.be/B0f1AzuHf_M)

<https://youtu.be/-DkKD6k1j5o>

<https://youtu.be/-3aFXevdK4U>

### **Серуен**

Күнделікті серуендеу балалардың денсаулығын нығайту, олардың қимыл белсенділігіне деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, шаршаудың алдын алу үшін маңызды.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына сәйкес серуен ауа-райының жағдайлары ескеріле отырып, күн сайын жүзеге асырылады.

Балалардың күнделікті таза ауада болуы олардың физикалық дамуына әсерінің маңыздылығын ескере отырып, серуеннің мазмұнын жан-жақты ойластыру, оны балалар үшін қызықты түрлі әрекеттермен: ойын (*дербес қимылды және сюжетті ойындар, ұлттық ойындар*), танымдық, коммуникативтік, зерттеу әрекеті және басқалармен өткізу қажет.

Серуен мынадай құрылымдық элементтерден тұрады:

- балалардың дербес әрекеті;
- қимылды ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындар мен жаттығулар;
- бақылау, зерттеу әрекеті;
- еңбекке баулу.

Педагог балалардың серуені қызықты және мазмұнды болуы үшін оны ойындар мен бақылауларға, зерттеулерге, еңбек әрекетіне қажетті заттармен және материалдармен қамтамасыз етуі, серуеннің білім беру мүмкіндігін барынша қолдана білуі қажет.

[https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/03/doc\\_04ru.pdf](https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/03/doc_04ru.pdf)

[https://youtu.be/hx9B01k\\_vhs](https://youtu.be/hx9B01k_vhs)

[https://youtu.be/B0f1AzuHf\\_M](https://youtu.be/B0f1AzuHf_M)

<https://youtu.be/wrdril3Y1gQ>

### **Ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы**

Балалар белсенді қимыл әрекеттерден кейін демалу керек. Күндізгі ұйқының қанық болуы үшін педагог жағдай жасауы қажет (*балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету*), ұйықтар алдында балаларға кітап оқу, күнделікті кітап оқып беру олардың дамуы үшін өте маңызды, сондай-ақ балаларды қазақ халқының салт-дәстүрлеріне баулу мақсатында бесік жырларын, баяу музыканы қоюға болады.

Балалар ұйықтап жатқан кезде педагог олардың жанында болуы керек.

Балаларды түскі ұйқыдан кейін шынықтыру, жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында жатын бөлмесінде денсаулық жолдарын төсеген жөн.

[https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/03/doc\\_04ru.pdf](https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/03/doc_04ru.pdf)

<https://youtu.be/-A1MiKr6rSY>

<https://youtu.be/eGV6CI6Bugw>

[https://youtu.be/9\\_DZbf1wGs](https://youtu.be/9_DZbf1wGs)

<https://youtu.be/C0c16qtJr9I>

<https://youtu.be/X0AZX1GowpM>

<https://youtu.be/2Z32tC08w9c>

### **Біртіндеп ұйқыдан ояту, профилактикалық дене шынықтыру-сауықтыру шаралары**

Балаларды күндізгі ұйқыдан біртіндеп оятуды дұрыс ұйымдастыру, тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындауға, олардың көңіл күйін көтеретін жағымды жағдайды жасауға, сондай-ақ балаларды шынықтыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оларды мынадай тәртіппен жүргізу ұсынылады:

- жағымды музыкамен біртіндеп ояту;
- қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, өзіне-өзі массаж жасау және саусақ жаттығуларын орындау;
- массаж жолдармен жүргізу;
- тыныс алу жаттығулары;
- шынықтыратын су шаралары;
- ұйқыдан соң киіну.

Барлық шараларды ойын түрінде тақпақтармен, әндермен және музыкалық элементтермен сүйемелдеп өткізу ұсынылады.

### **Күн тәртібіндегі жеке жұмыс**

Денсаулығына байланысты жеке жұмыс жүргізуді қажет ететін балаларды шынықтыруға және физикалық дамуын жақсартуға, дене сымбатының ақауларын түзетуге ықпал етеді. Спорт залында жүргізіледі. Уақыт жеке белгіленеді.

### **Шынықтыру шаралары**

Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы, физикалық дамуы, жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы жүргізіледі және келесі шаралар жүйесін:

- күнделікті өмірдегі шынықтыру элементтері (*салқын сумен жуыну, сүртінуге, белге дейін су құю*);
- дене жаттығуларын ұштастырылған шынықтыру шаралары (*дұрыс ұйымдастырылған серуен, дене жаттығуларына сәйкес күн және су шаралары, дене жаттығулары*);
- дәрігер тағайындайтын арнайы шараларды қамтиды.

Су тасқынынан зардап шеккен мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің ата-аналары (заңды өкілдері) үшін ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының сайтында «Ата-аналарға кеңес» айдарымен «Виртуалды әдістемелік кабинет» ашылды. Аталған айдарда үй жағдайларында баланы тәрбиелеу мен дамыту бойынша баланы дамытушы ойындар, психологтың баланы дамыту және мектепке дайындау туралы кеңестері, логопедтердің балалардың сөйлеуін дамыту бойынша кеңестері, шынықтыру шараларына қатысты медбикенің кеңестері қамтылған бейнероликтер орналастырылды <https://irrd.kz/page/read/Konsultacii.html>.

Сонымен қатар, ата-аналарға арналған консультациялық пункттер жұмысының аясында мектепке дейінгі ұйым мамандары ата-аналарға (заңды өкілдерге) виртуалды консультация бере алады. Бұл онлайн форматтағы консультациялар, шеберлік сыныптары, семинарлар және т.б..

Педагогтер мен мамандар жазып алатын барлық материалдар мен бейнероликтер ата-аналарға (заңды өкілдерге) қол жетімді. Егер ата-аналар (заңды өкілдер) онлайн-консультацияға қатыса алмаса, оның жазбасын көре алады. Барлық фото және бейнематериалдарға, бейнеконсультацияларға, шеберлік сыныптарына, вебинарларға және пайдалы интернет-сайттарға сілтемелер білім беру ұйымының сайтындағы «Консультациялық пункт» айдарында, сонымен қатар әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, Telegram) орналастырылады.

**Жазғы сауықтыру кезеңіндегі күн тәртібінің үлгісі**

<b>Режимдік сәттер, іс-әрекет</b>	<b>Балалармен жұмыс құралдары мен түрлері</b>
Балаларды далада қабылдау	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, (басқа балаларды қабылдап болғанша) өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б.
Таңғы гимнастика	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау.
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру ( <i>педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу</i> ).
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.
Таңғы ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	Балалардың білім, білік және дағдыларын еркін іс-әрекетте көрсетуі үшін заттық-кеңістіктік ортаны дайындау. Балалардың өз бастамасы бойынша ұйымдастырылған ойындарға еркіндік беру. Қажеттілігіне қарай жеке жұмыс түрін ұйымдастыру. Проблемалық жағдаяттарды шешу. Балалардың қызығушылықтары бойынша әрекетті ұйымдастыру мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл белсенділігі, коммуникативтік байланыс, еңбекке баулу, драмалық және театрландырылған ойындар арқылы қамту.
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету ( <i>тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі</i> ), серуенге мотивация ( <i>мазмұны, проблемалық жағдаяттар</i> ), көркем сөзбен ынталандыру ( <i>мақал-мәтелдер, жаңылпаздар, жұмбақтар, өлеңдер</i> ). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Күндізгі серуен	1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат

	құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру.
	Еңбекке баулу үшін балабақша ауласында баланыңқызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату. Музыка жетекшісі мен дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша жүргізілетін шаралар немесе бірлескен жұмыстар.
Серуеннен оралу	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту ( <i>педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу</i> ).
Түскі асқа дайындық	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.
Түскі ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Күндізгі ұйқы	Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық ты сақтау.
Ұйқыдан тұру	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлік жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).
Бесін асқа дайындық. Бесін ас.	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыту ( <i>оның ішінде өңірлік ерекшелікті ескерумен</i> ). Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету ( <i>тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі</i> ), серуенге мотивация ( <i>мазмұны, проблемалық жағдаяттар</i> ), көркем сөзбен ынталандыру ( <i>мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер</i> ). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.

Серуендеу	Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғат құбылыстарын бақылау тәсілдерін көрсету. Еркін ойындар, балалардың қиялы мен ойын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққын ойыншықтармен ойнату.
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Ата-анамен өткен күннің нәтижесі және алдағы күннің жоспары, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу. Кеңес беру, пікір алмасу.
<b>Ескерту:</b> суға шомылу, күнге қыздырыну және басқа емшаралар күн тәртібіне медбикемен келісіліп енгізіледі.	

**Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған  
жұмыс жоспарының үлгісі**

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
<b>I кезең: Ұйымдастырушылық - ақпараттық</b>		
<b>Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау</b>		
Педагогикалық кеңесте жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару ( <i>МДҰ бұйрығы</i> ): <ul style="list-style-type: none"> <li>- жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту;</li> <li>- жазғы кезеңге күн тәртібін бекіту;</li> <li>- жазғы мезір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.</li> </ul>	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Қызметкерлерге нұсқау өткізу: <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру;</li> <li>- балалар жарақатының алдын алу;</li> <li>- улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу;</li> <li>- жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау;</li> <li>- күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету;</li> <li>- ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу;</li> <li>- МДҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері;</li> <li>- бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және шектеулерді сақтау туралы;</li> <li>- спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары;</li> <li>- алғашқы жедел көмек көрсету.</li> </ul>	Мамыр, маусым	Меңгеруші, әдіскер  Медицина қызметкері ( <i>Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық және төтенше жағдайларға қарсы қызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады</i> )
Балаларға нұсқау өткізу: <ul style="list-style-type: none"> <li>- жарақаттанудың алдын алу;</li> </ul>	Мамыр, маусым	Әдіскер, тәрбиешілер

- табиғатта серуендеу тәртібі туралы; - балабақша аумағында жүру ережесі.		
Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, әдеби, публистикалық ресурстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, таныстыру мақсатында көрме ұйымдастыру.	Мамыр	Әдіскер
<b>II кезең. Әкімшілік – басқару бақылауы</b>		
<p>Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары</p> <p>1) ауланы дайындау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- құм әкелу;</li> <li>- жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу;</li> <li>- ойын алаңдарын дайындау;</li> <li>- жаздық шатырларды тазалау, әрлеу.</li> </ul> <p>2) спорт алаңдарын дайындау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.);</li> </ul> <p>3) бассейнді дайында (бар болған жағдайда)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қауіпсіздікті тексеру.</li> </ul>	Мамыр	Менгеруші, әдіскер, шаруашылық менгерушісі
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін, мерекелік және бұқаралық іс-шараларының ұйымдастырылуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер
Күн тәртібінің, тамақтанудың орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы
<p>Назарға алынған бақылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту);</li> <li>- күн тәртібін сақтау;</li> <li>- жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту;</li> <li>- жаңа оқу жылына дайындық.</li> </ul>	Маусым-тамыз	Менгеруші, әдіскер, медицина қызметкері

<p>Жедел бақылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау;</li> <li>- тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы;</li> <li>- күн режимі;</li> <li>- белгіленген іс-шаралардың өткізілуі;</li> <li>- құжаттарды жүргізу;</li> <li>- алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы;</li> <li>- қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.</li> </ul>	<p>Маусым - тамыз</p>	<p>Меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері</p>
<p><b>III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру</b></p>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>- жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету;</li> <li>- «шынықтыру шараларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқау беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу;</li> <li>- педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау;</li> <li>- серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету;</li> <li>- балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, семинар және т.б.);</li> <li>- топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен балаларды дамыту талаптарына сәйкестігін бақылап, жетілдіріп отыру.</li> </ul>	<p>Маусым-шілде</p>	<p>Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, медицина қызметкері</p>
<p>Семинар:</p> <p>1. «Жаздағы шынықтыру жүйесі».</p> <p>Семинар – практикум:</p> <p>1. «Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары, ерекшеліктері».</p> <p>2. «Бейімделу кезеңін ұйымдастырудың әдістері мен нысандары».</p> <p><i>Ескерту: тақырыптар мен жұмыс түрлері қажеттілігіне қарай өзгертіліп, толықтырылады.</i></p>	<p>Жазғы сауықтыру кезеңі бойы</p>	<p>Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы</p>
<p>Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Ата –аналарға арналған консультациялық пункт » бөлімінде</p> <p>1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- буклеттер;</li> <li>- жаднамалар;</li> </ul>	<p>Жаз бойы</p>	<p>Әдіскер, медицина қызметкері</p>

<ul style="list-style-type: none"> <li>- нұсқаулықтар;</li> <li>- инфографикалық ақпараттық парақшалар; кітапшалар;</li> <li>- электрондық ақпарат көздеріне сілтеме.</li> </ul> <p>2. Санитарлық бюллетендер шығару:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Ішек жұқпасы»;</li> <li>- «Кене энцефалиті»;</li> <li>- «Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»;</li> <li>- «Көкөністер, жемістер. Дәрумендер».</li> </ul>		
Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру	Жаз бойы	Әдіскер
<b>IV. Балалармен жұмыс</b>		
<p>«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;</li> <li>- өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту;</li> <li>- денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру;</li> <li>- бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау (модель 34 т.);</li> <li>- балалардың пікірін, идеяларын ескеру (модель 36 т.);</li> <li>- бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгеруді ойын нысанында іске асу (модель 26 т.);</li> <li>- педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына кәңіл бәліп, күнді эзі таңдаған белсенділік түріне қарай құру (модель 24 т.);</li> <li>- әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту (модель 27 т.).</li> </ul>	Жаз бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы
<b>V Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары</b>		
Дағдыларды кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
<ul style="list-style-type: none"> <li>- таза ауадағы дене шынықтыру;</li> <li>- таңертеңгі жаттығу;</li> <li>- ұйқыдан ояту жаттығулары;</li> <li>- сергіту сәттері.</li> </ul>	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	Мамыр айының	Медициналық қызметкер

	соңында	
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Спорттық ойындар, жарыс сипатындағы ойындар::</li> <li>- Қимыл белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар.</li> <li>- спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар;</li> <li>- Мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізу(<i>мүмкіндігінше таза ауада</i>).</li> </ul>	Жоспар бойынша	МДҰ меңгерушісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, тәрбиешілер
<p>Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- дозаланған күн ванналары;</li> <li>- суға шомылу, сумен шайыну, аяқты шаю;</li> <li>- массаж жолдарымен жаяу жүру, өзінемассаж жасау;</li> <li>- ауа ванналары;</li> <li>- терезені ашып қойып ұйықтау;</li> <li>- ауызды және тамақты шаю;</li> <li>- ауыз-су ішу режимі;</li> <li>- тыныс алу жаттығулары.</li> </ul>	Күн сайын	Тәрбиешілер
<p>Арнайы жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- түзету жаттығулары;</li> <li>- майтабандылықтың алдын алу;</li> <li>- дене сымбатының бұзылуының алдын алу;</li> <li>- артикуляциялық жаттығулар;</li> <li>- тыныс алу жаттығулары;</li> <li>- ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.</li> </ul>	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
<p>Балалармен әңгімелесу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Денсаулық сағаты».</li> </ul>	Күн сайын	Медициналық қызметкер
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Күн сайын	Медицина қызметкері, бас-аспаз
<b>Ата-аналармен жұмыс</b>		

<ul style="list-style-type: none"> <li>- ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында «жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында сауалнама жүргізу;</li> <li>- ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу;</li> <li>- жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта);</li> <li>- іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту (<i>модель 48-51 т.</i>).</li> </ul>	мамыр, маусым, шілде	Әдіскер, тәрбиешілер
<b>Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау</b>		
Жазғы сауықтыру шараларының соңында балалармен кері байланыс әткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру шараларының соңында ата-аналармен кері байланыс әткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Балалардың денсаулығына мониторинг жүргізу	Тамыз	Тәрбиешілер, медицина қызметкері
Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер

*3- қосымша*

**«Қош келдің, жарқын жаз!» бөбек жасындағы балаларға арналған жазғы сауықтыру кезеңіне  
перспективалық жоспардың үлгісі**

№	Жұмыс мазмұны
<b>1-апта (01.06-05.06) «Бақытты балалық шақ»</b>	
<b>1</b>	Балаларды қорғау күні туралы әңгімелесу
<b>2</b>	Балаларға арналған әндерді тыңдау
<b>3</b>	Борлармен сурет салу
<b>4</b>	Педагогтің ертегілерді оқып беруі
<b>5</b>	Ауа-райы жағдайларын, өсімдіктерді, ағаштарды бақылау

6	Табиғаттағы еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару, құмсалғышқа құм тасу, ауладағы бұтақтарды жинау
7	Тыныс алу жаттығуы: «Әуе шары», «Майшамды сөндіру»
8	Сюжетті-рөлдік ойындар
9	Балаларды қорғау күніне арналған мерекені ұйымдастыру:
<b>2-апта (08.06-12.06) «Қош келдің, жарқын жаз»</b>	
1	Жаз мезгілі, жаз мезгіліндегі ауа-райы туралы әңгімелесу
2	Дидактикалық ойындар: «Ғажайып дорба», «Қандай зат жоқ», «Затты тауып алу және атын атау» « Бұл қай кезде болады?»
3	Қимылды ойындар: « Қағып ал», «Тауық пен балапандар», «Тышқандар би билейді», «Қоян тәрізді секіреміз»
4	Сумен, құммен ойындар: «Сабын көпіршіктер"», «Саусақтармен құмға сурет салу»
5	Гүлдің суретін салу
6	Жаз туралы өлеңдер оқу
7	Бұлтты бақылау
8	Табиғаттағы еңбек әрекеті: ауладағы тастарды жинау
9	Ата-аналарға кеңес беру: «Баланы жаз мезгілінде қалай киіндіру керек»
<b>3-апта (15.06-19.06) «Ертегілер елінде»</b>	
1	Әңгімелесу: «Менің сүйікті ертегім»
2	«Шалшықта» саусақ жаттығуы, «Құлпынай» тыныс алу жаттығуы
3	Қимылды ойын: «Түлкі мен қоян», «Өткеншек»
4	Ағаштарды, жәндіктерді бақылау және өсімдіктерге күтім жасау
5	Дидактикалық ойындар: «Қуыршаққа бөлме құрастырамыз», «Көкөністер-жемістер»
6	Табиғаттағы еңбек әрекеті: жолдардағы құмды сыпыру, ауладағы қоқыстарды жинау
7	Сюжетті - рөлдік ойындар: «Аурухана», «Дүкен», «Жүргізуші», «Отбасы» және т. б.
8	Таныс ертегілерге иллюстрациялар қарау, «Біздің отбасының сүйікті ертегісі» кітаптар көрмесіне қатысуды ұсыну
<b>4 - апта «Денсаулық аптасы» (22.06-26.06)</b>	
1	Әңгімелесу (ойын) «Денсаулық еліне саяхат», «Дәрумендерді жақсы көремін»
2	Сюжетті-рөлдік ойындар «Қуыршақ Айсұлуға көмектесейік», «Жедел жәрдем»
3	Альбом қарау: «Спорт түрлері»

4	Қимылды ойындар: «Тегіс жолдың бойымен жүру, «Қоймадағы тышқандар», «Маймақ аю», «Ұзын құлақ- сұр қоян», «Көпіршік», «Самаурын»
5	Мүсіндеу: «Дәрумендер»
6	Қабылдау бөлмесінде ақпарат орналастыру: « Дұрыс тамақтану»
<b>1-апта (29.06-03.07) «Жануарлар әлемі»</b>	
1	Әңгімелесу: «Үй жануарлары»
2	Дидактикалық ойындар: «Қай жануардың төлі», «Орман аңдары»
3	Жануарлар туралы әндер тыңдау
4	Мысықты, итті бақылау
5	Табиғаттағы еңбек әрекеті: құмсалғышқа құм тасу
6	Суреттерді бояу
7	Қимылды ойындар: «Қояндар мен түлкі», «Сұр қоян», «Мысық пен тышқандар»
8	Иллюстрацияларды қарау: «Үй жануарлары», «Жабайы жануарлар»
9	Альбом жасау: «Үй жануарлары»
<b>2- апта (07.07-10.07) «Менің отбасым»</b>	
1	Әңгімелесу: «Менің отбасым», «Менің атам мен әжем»
2	Сюжетті-рөлдік ойын: «Отбасы»
3	Саусақпен құмға сурет салу: «Күннің көзі»
4	Дидактикалық ойындар: «Кімнің дауысы екенін табу», «Аналар мен балалар»
5	Желді, бұлтты, шөпті бақылау
6	Қимылды ойындар: «Менің көңілді добым», «Күннің көзі мен жаңбыр», «Паровоз»
7	Иллюстрациялар қарау - анасы қызын тамақтандырады, киіндіреді, шешіндіреді, ұйқыға жатқызады
8	Еңбек әрекеті: «Қуыршақ Айгүлге үй жинауға көмектесу», «Қуыршақ Айгүлді киіндіреміз».
9	Ата-аналарға кеңес беру: «Отбасы және отбасылық құндылықтар»
<b>3-апта «Қауіпсіздік аптасы» (13.07-17.07)</b>	
1	Альбом қарау: «Көліктер»
2	Құрастыру: «Біздің көше», «Көліктерге арналған гараж»

3	Сюжетті-рөлдік ойындар: «Анама көмектесемін», «Автобуспен қыдыру»
4	Қимылды ойындар: «Біз жолаушылармыз», «Торғайлар мен көліктер», «Қызыл, сары, жасыл», «Көңілді автобус»
5	Дидактикалық ойындар: «Кім немен айналысады?», «Қауіпті заттарды табу», «Қауіпті-қауіпті емес», «Болады-болмайды»
6	Әңгімелесу: «Көлік дегеніміз не?», «Сіріңкемен ойнауға болмайды», «Ойын алаңындағы мінез-құлық ережелері»
7	Көліктерді, жолдың жүретін бөлігін бақылау
8	Ата-аналарға кеңес беру: «Жол қауіпсіздігі»
<b>4- апта «Табиғат әлемі» (20.07-24.07)</b>	
1	Жаңбырды, шөпті, жәндіктер мен ағаштарды бақылау
2	Табиғат құбылыстары туралы суреттер мен иллюстрацияларды қарау
3	Сурет салу: «Бұлттар»
4	Саусақ ойыны: «Сауысқан», «Өрмекші»
5	Қимылды ойындар: «Тауықтар мен балапандар», «Көбелектер»
6	Дидактикалық ойын: «Ғажайып дорба»
7	Иллюстрациялар қарау: «Тамаша табиғат»
8	Ата-аналармен бірге «жыл мезгілдері» альбомын жасау
<b>5 - апта «Ойыншықтар» (27.07 -31.07)</b>	
1	«Менің сүйікті ойыншығым», «Біздің топтағы ойыншықтар» тақырыптары бойынша әңгімелесу
2	Доптың суретін салу, шарлардың суреттерін бояу
3	Еңбек әрекеті: топты жинау
4	Ойыншықтар бейнеленген иллюстрацияларды қарау
5	Саусақ жаттығуы: «Көңілді саусақтар»
6	Серуенге алып шыққан ойыншықтармен құмсалғышта ойнау
7	Желді, аула сыпырушының еңбегін бақылау
<b>1-апта «Мейірімділік аптасы» (03.08-07.08)</b>	
1	Әңгімелесу: «Анамыз бен әкемізге қалай көмектесеміз?», «Жақындарымызды қалай қуантуға болады»
2	Дидактикалық ойындар: «Анаңа қандай гүл шоқтарын сыйлағың келеді», «Жылы сөз айту», «Анамыздың көмекшілеріміз»
3	Қимылды ойындар: «Түзу жолың бойымен жүреміз», «Күннің көзі мен жаңбыр», «Аю мен аралар»

4	Саусақ ойыны: «Саусақтарға арналған бесік жыры»
5	Бұлттарды, құстарды, жәндіктерді бақылау
6	Сурет салу: «Айсұлу қуыршақтың бантигі»
7	Сюжетті-рөлдік ойындар: «Қонақ шақыру»
8	Сабын көпіршіктерімен ойнау
9	Сюжеттік суреттерді қарау: «Мейірімділік сабақтары»
10	Ата-аналарға кеңес беру: «Не жақсы, не жаман?, «Балаға сыпайы болуға қалай көмектесуге болады»
<b>2- апта «Достық» (10.08-14.08)</b>	
1	Ойын: «Кел, амандасайық», «Дос болайық бәріміз»
2	Достық туралы әңгімелесу
3	Жапсыру: «Досыма сыйлық»
4	«Достық» еліне саяхат
5	Достық туралы әндер тыңдау
6	«Достық» туралы ән жаттау
7	Қимылды ойындар: «Паровоз», «Түлкі мен қояндар» «Көпіршіктер»
8	Педагогтің достық туралы өлеңдер оқып беруі
9	Дидактикалық ойындар «Не артық?», «Қай зат көп?»
10	Аула сыпырушының еңбегін, құстарды, мысықты бақылау
11	Ата-аналарға кеңес беру: «Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы»
<b>3- апта «Жаз сыйы» (17.08-21.08)</b>	
1	Асфальтта қарындаштармен сурет салу: «Жидектер»
2	Мүсіндеу: «Алма»
3	Гүлзардағы гүлдерді, шөпті бақылау
4	Қимылды ойындар: «Аюдың апаны», «Жидектерді жинау»
5	Дидактикалық ойындар: «Қозыларға арналған үйшік», «Қонақтарды қарсы алу», «Жұбын табу»
6	Саусақ ойындары: «Жемістер», «Компот», «Жидектер»
7	Ата-аналармен бірге «Жидектер» тақырыбына альбом жасау

8	Ата-аналарға кеңес: «Абайлаңыз, улы жидектер!»
<b>4 - апта «Қош бол, жарқын жаз!» (24.08-31.08)</b>	
1	Әңгімелесу: «Қош бол, жарқын жаз!»
2	Дидактикалық ойындар: «Ғажайып дорба», «Жұбын табу»
3	Асфальтта сурет салу: «Кемпірқосақ»
4	Балабақша ауласын, гүлдерді, ауа-райын бақылау
5	Қимылды ойындар: «Кім бірінші?», «Күннің көзі мен жаңбыр», «Құстар ұшады»
